



16.05.2025

Алматы қаласы


Өтінішке жауап ретінде:
№ KZ19BJKCSD00005764

Өтініш беруші:
"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы акционерлік
қоғамы
БСН: 020240000555

**Жеке меморандумға енгізілген өзгерістерді
және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік
тіркеу туралы**

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка, рассмотрев документы, представленные через веб-портал АО «Центрального депозитария ценных бумаг» (№KZ19BJKCSD00005764 от 14.05.2025г.) для государственной регистрации изменений и (или) дополнений в проспект выпуска негосударственных облигаций Акционерного общества «Национальная компания «КазМунайГаз», подлежащих частному размещению, на основании пункта 7 статьи 12 Закона Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг» произвело регистрацию изменений в проспект выпуска негосударственных облигаций, подлежащих частному размещению, в части дополнения порядка и условий досрочного погашения облигаций.

Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

Жанбеков Алмабек Хайруллаевич
(тегі, инициалдары)

ЖЕКЕ МЕМОРАНДУМ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекетті тіркеуі инвесторларға мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты, жеке меморандумда сипатталған қандай да болсын ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжатта қамтылған ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген барлық ақпараттың дәйектілігін және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылдыруға әкеп соқтырмайтынын растайды.

1. Облигациялар шығарылымы облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы ақпарат (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің толық атауы (Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті үшін) немесе заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын өзге құжатқа сәйкес (Қазақстан Республикасының резидент эмитенті үшін) эмитенттің толық атауы)

Толық атауы

Қазақ тілінде	"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы
Орыс тілінде	Акционерное общество "Национальная компания "КазМунайГаз"
Ағылшын тілінде	Joint Stock Company "National company "KazMunayGas"

Қысқартылған атауы

Қазақ тілінде	"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы АҚ
Орыс тілінде	АО "Национальная компания "КазМунайГаз"
Ағылшын тілінде	NC "KazMunayGas" JSC

2. Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі

020240000555

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі, облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі.

- облигациялардың түрі: қамтамасыз етусіз купондық облигациялар
- облигациялардың саны: 20 000 000 (жиырма миллион) дана
- облигациялар шығарылымның жалпы көлемі: 20 000 000 000 (жиырма миллиард) Теңге

Егер облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болып табылса, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі

облигациялардың өтеу мерзімі бар

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)

1 000 (бір мың теңге) Теңге

3) облигацияның номиналды құнының, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы

Теңге

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



4) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшері

облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің: 0,5%

қосымша сыйақы мөлшері: %

Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алудың басталуына немесе басталмауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.

Облигациялар бойынша қосымша сыйақы жоқ

Облигацияларды өзге де мүлктік құқықтармен өтеу кезінде сыйақы және номиналды құн төленген жағдайда, осы құқықтардың, олардың сақталуын қамтамасыз ету тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың өту тәртібі келтіріледі.

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен атаулы құны өзге мүлктік құқықтармен төленбейді.

5) сыйақыны төлеу кезеңділігін және (немесе) сыйақыны төлеу күнін және сыйақыны алу тәсілін көрсете отырып, облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары

облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары: Облигациялар бойынша есептелген сыйақы Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Облигациялар айналысы басталған күннен бастап жылына 2 (екі) рет (әрбір күнтізбелік жылдың 1 сәуірі және 1 қазаны) төленеді.

сыйақыны төлеу кезеңділігін: Жарты жылда

6) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда айналыс мерзімі көрсетілмейді)

Облигациялар айналысы басталатын күн – Эмитенттің Облигациялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне қосылған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кейінгі күн болып табылады.

облигациялар мерзімі

Жылдар: 10

Айлар:

Күндер:



7) облигацияларды өтеу күні және тәсілі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда толтырылмайды)

облигацияларды өтеу күні

01.10.2033

облигацияларды өтеу тәсілі

Облигациялар облигациялардың номиналдық құны бойынша тең үлесте теңгемен жылына 2 (екі) рет (әр күнтізбелік жылдың 1 сәуірі мен 1 қазаны) өтеледі.

Сонымен бірге, эмитент соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, облигацияларды өтеуге арналған ақшаны облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған соманы есепке жатқызу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа әрбір облигация ұстаушыға төленуге жататын сома туралы ақпараты бар облигацияларды ұстаушылардың тізімін қоса бере отырып аударарды. Орталық депозитарий облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған ақшаны осы облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына аударуды жүзеге асырады.

8) облигациялар айналысын жүргізу жоспарланып отырған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы



4. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу тәртібі мен шарттары

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі көзделген жағдайда, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құны (құнын айқындау тәртібі), эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуі мүмкін не облигациялардың иелері облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы талапты, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің шарттары мен қорытындылары туралы ақпаратты ашу тәртібін, сондай-ақ облигацияларды шығару туралы шешімде көзделген, эмитенттің қалауы бойынша немесе облигациялар иелерінің талап етуі бойынша мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылатынына қарай облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің өзге де талаптары көрсетіледі.

Егер эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін көздеме, бұл мән-жай көрсетіледі.

Облигациялар Эмитентінің уәкілетті органының шешімі бойынша облигацияларды ұстаушыларға облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің жарияланған күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын хабарлама бере отырып, кез келген уақытта Облигациялар мерзімінен бұрын ішінара өтелуі мүмкін.

Облигациялар бойынша негізгі борышты ішінара мерзімінен бұрын өтеу Эмитент олар бойынша сыйақы төлей отырып, айналыстағы облигациялардың номиналды құны бойынша жүргізіледі.

Облигациялар бойынша купондық сыйақыны оларды мерзімінен бұрын өтеу күніне есептеу облигациялар айналысының соңғы сыйақыны төлеген сәттен бастап Эмитенттің облигацияларды ұстаушылармен есеп айырысу күніне дейінгі нақты кезеңіне негізделе отырып жүзеге асырылады.

Облигацияларды ұстаушыларға мерзімінен бұрын ішінара өтеу туралы хабарлама Эмитенттің ресми сайты арқылы, сондай-ақ жарияланған күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын «Қазақстан қор биржасы» АҚ мекенжайына ресми хат жолдау жолымен жүргізілетін болады.

Негізгі борыш сомасын мерзімінен бұрын өтеу Жеке Меморандумның 3-тармағының «Облигацияларды өтеу күні мен тәсілі» 7-тармақшасына сәйкес шарттарда Орталық депозитарийдің банк шотына ақша аудару жолымен жүзеге асырылатын болады.

5. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері

2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетуге, инвестициялық басқаруға байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі

4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама



шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) оригиналатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері

2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригиналатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері

3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі

4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі

5) талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары

6) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген.

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

0%

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген.

8. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар кепілдікпен қамтамасыз етілсе)

Жатпайды

9. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын қайта жаңарту және кеңейту» 1-кезек»

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



жобасын қаржыландыру.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары



эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Бұл шығарылымдағы облигациялар "жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялар, орнықты дамуға байланысты облигациялар және инвестициялық облигациялары емес.

10. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар

1. Жеке меморандумда көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигацияны өтеу кезінде номиналды құнды алу құқығы;
2. Облигациялар бойынша жеке меморандумда көзделген мерзімдерде және мөлшерде олардың номиналды құнының тіркелген пайызын алу құқығы;
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
4. Облигацияларды еркін иеліктен шығару және өзге де жолмен билік ету құқығы;
5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты алу құқығы;
6. Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда мемлекеттік емес облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды өтеу мерзімінсіз, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Осы шығарылымның өтеу мерзімі бар.

11. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар міндеттемелердің орындалмауы.

Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент дефолт тудырған себептерді жою және облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау үшін бар күшін салады, сондай-ақ облигацияларды ұстаушыларға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің міндеттемелерді орындау күніндегі ресми мөлшерлемесі бойынша мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл төлейді. Дефолт фактілері туралы ақпарат облигация ұстаушылардың назарына эмитенттің ресми баспасөз релизін шығаруы арқылы жеткізілетін болады, аталған релизде эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитентке талап қою тәртібін қоса алғанда, орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, сондай-ақ облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдары қамтылады.


Баспасөз релизі дефолт күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ эмитенттің www.kmg.kz корпоративтік сайтының арнайы бөлімінде орналастырылады.

Осындай талаптардың бірін алған соң Эмитент облигацияларды сатып алу күнін айқындайды, сатып алу күні осындай талапты алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен аспауы тиіс, және облигацияларды ұстаушылардың өкілін хабардар ету, сондай-ақ хабарламаны эмитенттің корпоративтік сайтында (www.kmg.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) интернет ресурстарында орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы



хабардар етеді.

Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

ХАСЕНОВ АСХАТ ГАЛИМОВИЧ
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

